

Біржан сал ауданы
Мақпал негізгі орта мектебі

Сайыс сабағы

«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы!»

/4 «А» сыныбы/

Өткізген: Досымова Г.А.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы.

Мақсаты: 1.Білімділік:

Мақал-мәтел,жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге үйретіп, олардағы негізгі ойды білдіру.

2.Дамытушылық:

Оқушылардың тіл байлығын арттырып,ойлау қабілетін дамыту.

3.Тәрбиелік:Адамгершілікке,адалдыққа тәрбиелеу.Ата-бабаларымыздың өсиетін қадір тұтуға,мақал-мәтел,жұмбақ,шешендік өнер арқылы өз елінің тарихын білу,әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу.

Әдіс-тәсілдер: Сайыс түрінде.

Көрнекілік құралдар: Плакаттарға жазылған нақыл сөздер.

Барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі.

2.Негізгі бөлім.

3.Қорытынды.

-Сәлеметсіңдер ме? Құрметті оқушылар!

-Асыл сөз көп халықта,

Іздеп жүрер құлаққа.

Іздеген жетер мұратқа,

Ізденуден жалықпа.

-Мақал-мәтел, жұмбақ, шешендік өнер ата-бабаларымыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен мазмұны тереңдей, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді. Ендеше, «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысын ашық деп жариялаймын.

I-кезең.

I қатар

1.Еңбектің наны тәтті...Жалқаудың жаны тәтті

(жалғасын оқушылар жалғастырады.)

2.Білікті бірді жығады...Білімді мыңды жығар

3.Өзге елге сұлтан болғанша...Өз елінде ұлтан бол

II қатар

1.Ата көрген оқ жонар...Шеше көрген тон пішер

2.Балапан ұяда не көрсе...Үшқанда соны ілерсің

3.Гүл өссе-жердің көркі...Қыз өссе елдің көркі

III қатар

1.Отансыз адам...Ормансыз бұлбұл

2.Ел іші...Алтын қазына

3.Отанды сүю...Әр адамның парызы

- Сайыскерлерімізді ортаға шақырып , алғашқы айналымды бастаймыз. Жүргізушінің мақалын жалғастырады. Аз ұпай алған ойыншы, ойыннан шығады.

1.Туған жердей жер болмас... Туған елдей ел болмас

2. Бірлік болмай... Тірлік болмас

3.Оқу – білім бұлағы...Білім өмір шырағы

4.Туған жердің күні де ыстық...Түні де ыстық

5.Еңбек етсең ерінбей...Тояды қарның тіленбей

6.Оқусыз білім жоқ...Білімсіз күнің жоқ

7.Жүз теңге болғанша...Жүз досың болсын

8.Еңбек түбі береке...

9.Тіл тас жарады...Сөз бас жарады

10.Оқу инемен...құдық қазғандай

Ойыннан шығушы сайыскерімізге шағын сыйлығымызды ұсынамыз.

II- айналым.

Ортада екі мақалшы ғана қалады. «Соль» кілті салынған суреттердің астынан шыққан сөздерден мақалшыларымыз мақалдар құраулары керек. Көп құраған ойыншымыз жеңімпаз атанады. Ойыннан шығып қалған мақалшымызға шағын сыйлығымызды ұсынамыз.

-Ал,енді «Көрермендер көрімдігі» айдарына да кезек жетті.

Көгермендерге мақалдың бірінші жолы айтылады, олар екінші жолын жалғастырады.

1. Қына тасқа бігеді...
2. Ер ел үшін туады...
3. Жаңбыр жауса жер ырысы...
4. Қоянды қамыс өлтіреді...
5. Ырыс алды қызыл тіл...
6. Әдепті бала- арлы бала...
7. Жақсыдан үйрен...

(Өн орындалады).

II кезең.

-Ал, енді жұмбақшыларымызды таңдайық.

I қатар.

1. Адамға серік,
Күзетке берік.(ит)
2. Құстан аумайды,
Көкке заулайды.(ұшақ)
3. Жазда жайнайды,
Күзде жайрайды.(жапырақ)

II қатар.

1. Үлкен алтын табақтан,
Әлемге нұр таратқан.(күн)
2. Суда қалқиды,
Жылуда балқиды.(мұз)
3. Біліммен мол сый-осы,
Балғындардың ұясы.(мектеп)

III қатар.

1. сырт-сырт соғады,
Уақыт озады.(сағат)
2. Орақ болып туады,
Табак болып тынады.(ай)
3. Тілі бар өзінде,
Сөзі бар ізінде.(қалам)

-Ортаға үш жұмбақшы шығады. Аз ұпай жинаған ойыншы ойыннан шығады.

I-айналым.

1. Білімнің жол басшысы, шәкірттің қолбасшысы.(мұғалім)

2. Сағат сайын соғылады, тек мектептен табылады.(қоңырау)

3. Жұқа тақтай бөлшегі, ұзындықтың өлшемі (сызғыш)

4. Шәкірттің кезгені, білімнің безгені (баға)

5. Төрт қырлы, өзі аппақ, тақтадағы ізі аппақ(бор)

6. Доп сынды келбеті, онда бар түп-түгел, әлемнің әлпеті(глобус)

7. Білім менен тәлім, паракты ашқанда, беттерінен мәлім(күнделік)

8. Қабы салу, ліні бояу(қарындаш)

9. Ұшылмен қазық, тор көзді жазық,

Үстіне өттім, асыл сөз жазып.

10. Бірін-бірі қоштаған, бір үйден көрдім,

42 дос жаран.

Ойыннан шыққан сайыскерлерімізге түрлі-түсті қағаздардан қиып жасалған сыйлықтар ұсынылады.

II-айналым.

Қалған екі жұмбақшыға жұмбақ жасырылады.

1. Ти десем тимейді,

Тиме десем тиеді.(ерін)

2. Қорыққанда жем аяқ,

Отырғанда темірдей-ақ.(қоян)

3. Бақшадан жер қазып,

Жиып алдым жез қазық.(сәбіз)

4. Күмбез сынды кең сарай,

Еш жерде жоқ тең сарай.(аспан)

5.Өзі ащы,дәмді етер асты.(тұз)

Ойыннан шығушы сайыскерімізге шаңын сыйлық ұсынылады.

-Кезек «көрермендер көрімдігі»айдарына да келіп жетті.

1.Қимылдаса қос шебер,қыруар-қыруар іс өнер(қол)

2.Жүрсе ізі жоқ,сойса қаны жоқ(қайық)

3.Белі бүкір,алысқа түкір(мылтық)

4.Үй үстінде ұсақ тас(жұлдыз)

5.Жазда қыдырады,қыста тығылады(аю)

6.Оқушыға күнде еріп,жүретін не?(күнделік)

7.Аспан түстес сұйық,әркім ішер құйып(су)

III кезең.

-Ортаға жұмбақшы мен мақалшы шығады.Жасырылған жұмбақты жұмбақшы шешеді,ал мақалшы соның жауабына мақал құрайды.

1.Аспаннан домалап көп моншақ төгілді,

Бусанып жөн алып,терілді,керілді(жаңбыр)

Батыр туса ел ырысы,

Жаңбыр жауса жер ырысы.

2.Қанаты бар ұшпайды,

Су астында қыстайды(балық)

Балық басынан шірейді.

3.Қатар-қатар тас қойдым,

Жирен атты бас қойдым(тіл мен тіс)

Өнер алды-қызыл тіл.

Отыз тістен шыққан сөз,отыз рулы елге тарайды.

4.Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса аттама(кітап)

Кітап-білім бұлағы,

Білім-өмір шырағы...

IV кезең.

«Шешендік өнер» айдары.

Жеңімпазға шешендік сөз жасырылады.

- Қожанасыр бір күні сабаққа кешігіп келіпті.Мұғалімнің сұрағына:

-Ағамның тісін жұлдыртуға бірге бардым,-дейді.

-Тісін жұлдырған ағаң,оған сенің қатысың не? деген сұрағына

-Оның тісі ауырғанда,көңілін аулап тұрдым,-деген екен.

-Ендеше,барлығымыз жеңімпазымызды қошеметпен ортаға шақырып марапаттайық.

Жеңімпаз арнайы дайындалған дипломмен марапатталады.

Қорытынды.

-Осымен, сайыс сабағымыз өз мәресіне де жетті.Осындай еліміздің абыройын асқақтатар ұл-қыздары көбейе берсін!

-Сау болыңыздар!